

Республика ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін лизинг шартында трактормен қамтамасыз ету мақсатында өзара борыштарға есептеу жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 9 маусымдағы N 938

Республика ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін лизинг шартында "Павлодар" акционерлік қоғамының шығарған тракторларымен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Богатырь" кенішінің республикалық бюджет алдындағы заңды тұлғалардан қосылған құнға салынатын салық және табыс салығы бойынша 135 (жүз отыз бес) млн. теңге берешегіне өтеу жүргізісін;

аталған сома республика ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің лизинг шартында "Павлодартрактор" акционерлік қоғамының трактор беру жөніндегі шараларды ұйымдастыру үшін Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қорын қаржыландыру есебіне есептесін.

Берешекті есептеу аталған сома 1997 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсетіле отырып жүргізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі "Павлодартрактор" акционерлік қоғамымен, "Богатырь" кенішімен және лизинг берушілермен бірлесіп есеп жүргізу үшін өзара берешектерді салыстыру актілерін ұсынуды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі